

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«B028-Хореография»
білім беру бағдарламаларының топтары бойынша
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ОНЛАЙН ТАПСЫРУ
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Алматы, 2020 ж

**В028-Хореография білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі бөлімге түсушілерге
қойылатын
емтихан талаптары және бағалау критерийі**

*Талапкерлер: I-шығармашылық емтихан бойынша жоғарғы – 40 балл
II -шығармашылық емтихан бойынша жоғарғы – 40 балл
негізінде бағаланады.*

Шығармашылық емтихан төмендегі талаптар бойынша бағаланады:

I-шығармашылық емтихан

1. 35-40 балл «Өте жақсы»

- Бір би көрсету;
- би композициялық сауатты қойылған;
- музыкасы сауатты және бимен үйлесімділігін тапқан;
- билерді ұлттық нақышында орындалуы;
- орындау шеберлігі жоғары деңгейде;
- қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруі.

2. 21-34 балл «Жақсы»

- бір би көрсету;
- би композициялық дұрыс қойылған;
- музыкасы сауатты және бимен үйлесімді;
- би ұлттық нақышында орындалуы кем;
- орындау шеберлігі орташа деңгейде.

3. 5-20 балл «Қанағаттанарлық»

- биде орындалу деңгейі төмен;
- қойылған билер композициялық құрылымы дұрыс емес;
- би ұлттық нақышында орындалуы.

4. 0-4 балл «қанағаттанарлықсыз»

- билердің орындалу деңгейі төмен;
- қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бермеуі.

II шығармашылық емтихан

1. Бір ән орындау

2. Талапкердің музыкалық және ырғақтық қабылетін тексеру.

1. Хореография өнері мен мәдениеті туралы білім деңгейін тексеру.

Нұсқаулар:

1 – шығармашылық емтихан:

1. Талапкер толығымен Ноутбук, компьютермен (видеокамерасы бар) жабдықталған болуы керек.
2. ZOOM бағдарлама платформасы арқылы алдын-ала жіберілген идентификациялық номер арқылы конференцияға шығады.
3. Төлқұжатын көрсетіп тұлғасын айқындайды.
4. Дайындаған биін компьютердің демонстрация экраны арқылы немесе телефон арқылы биін көрсетеді.

2 – шығармашылық емтихан:

1. Талапкер толығымен Ноутбук, компьютермен (видеокамерасы бар) жабдықталған болуы керек.

2. ZOOM бағдарлама платформасы арқылы алдын ала жіберілген идентификациялық номер арқылы конференцияға шығады.
3. Төлқұжатын көрсетіп тұлғасын айқындайды.
4. Талапкер өзі дайындаған әнің экран арқылы айтып береді.

Ескерту: Емтихан абитуриенттің интернет байланысқа шыға алу мүмкіндіктерін ескере отырып, комиссия мүшелерімен ZOOM, WhatsApp, арқылы өтеді. Абитуриент алдын – ала жазылған видеожазбасын жібере алады.

Қабылдау емтихан сұрақтары

1. Хореография нені білдіреді?
2. Қазақстан Республикасында неше опера және балет театры бар?
3. Опера және балет театрлары қай қалаларда орналасқан?
4. Алматыдағы опера және балет театры кімнің есімі?
5. Астанадағы Опера және балет театры кімнің есімі болды?
6. Балет әртістерін қай оқу орнында дайындайды?
7. АХУ кімнің есімімен аталады?
8. АХУ-ды басқаша қалай атайды?
9. ҚР-ң хореографтарын атаңыз.
10. Қазақтың алғашқы кәсіби бишісі кім?
11. П.И. Чайковскийдің балеттерін атаңыз.
12. Людвиг Минкустың балеттерін атаңыз.
13. Адана балеттерін атаңыз.
14. Д.Т. Әбіровтің балеттерін атаңыз.
15. З.М. Райбаевтың балеттерін атаңыз.
16. М.Ж. Тлеубаевтың балеттерін атаңыз.
17. Мәскеудегі опера және балет театры қалай аталады?
18. Үлкен театр қай қалада орналасқан?
19. Санкт-Петербургтегі опера және балет театры қалай аталады?
20. Мариинка қай қалада орналасқан?
21. Италияның Милан қаласындағы опера және балет театры қалай аталады?
22. Ла Скала театры қай қалада орналасқан?
23. Париждегі опера және балет театры қалай аталады?
24. Гранд Опера театры қай қалада орналасқан?
25. Балет әлеміндегі Қазақ КСР халық әртісі және жалғыз КСРО халық әртісін атаңыз.
26. Қазақ КСР халық әртістерін атаңыз?
27. Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында қандай балет қойылымдарын көрдіңіз?
28. Басқа қалалардың опера және балет театрларында қандай балет қойылымдарын көрдіңіз?
29. Сіз неге Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хореография бөліміне түсуге шешім қабылдадыңыз?
30. Сіз хореографияға қатыстыңыз ба және қай ұжымда?
31. Қандай би ансамбльдерін білесіз?
32. Екпін дегеніміз не?
33. Ырғақ дегеніміз не?
34. Метр дегеніміз не?
35. Такт дегеніміз не?
36. Музыкалық фраза дегеніміз не?
37. Балаларды хореографиялық үйірмелерге қабылдау критерийлері?
38. Орындаушылық шеберлікке тәрбиелеу?

39. Хореографиялық ұжымға репертуар таңдау?
40. Хореографиялық балаларды қойылымдарға дайындау?
41. Хореография бойынша оқыту шаралары.
42. Хореография сабақтарында тыныс алудың рөлі?
43. Халық-сахналық би бойынша оқытудың бір жылдық бағдарламасы?
44. Халық-сахналық би бойынша оқытудың екінші жылдық бағдарламасы?
45. Темп дегеніміз не?
46. Хореография сабақтарына музыкалық материалдарды іріктеу.
47. Қазақ биінің негізгі қимылдары
48. Қазақ биіндегі қол ұстанымдары
49. Қазақ биінің ауыспалы бағыты
50. Қазақ билерінің атаулары